

Оңтүстік Қазақстан облыстық білім басқармасы
«Облыстық жас туристер станциясы»
МКҚК директоры
Алым Жұбаназарұлы Бөлекбай

Жалпы орта мектептерді жаңғыртуда туризм және өлкетану бағыты бойынша орта және қосымша білімді интеграциялау.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев 2014 жылғы жалпы Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» Жолдауында: «Біздің болашаққа апарар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар.

Бұл үшін біз не істеуіміз керек?» - деп атап көрсетті. Қазіргі таңда ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұрғанын білеміз.

Ұлы ойшыл Әл-Фараби айтып өткен «тәрбие мен білім» деген егіз, тел ұғымды және қазіргі білім саласындағы жаңашаландыруды басшылыққа ала отырып, қосымша білім беру мен жалпы орта мектептердің үйірме жұмыстарын ұштастыру замануы қажеттілік болып табылады.

Осы мақсатта өткізілген облыстық, республикалық деңгейдегі көптеген ауқымды іс-шараларымызға екі мыңнан астам оқушылар қатысып, жалпытоптық және жеке көрсеткіштерден жүлделі орындар иеленді. Осының нәтижесінде аудан мен қала мектептері оқушыларының үйірме жұмыстарына деген қызығушылығы күн санап артуда.

Сонымен қатар «Облыстық жас туристер станциясынан» басқа облысымыздың барлық аудандарында 14 жас туристер станциясы ашылып, жалпы соңы үш мыңнан астам аудандық мектеп оқушылары үйірме жұмыстарына қамтылуда. Барлық ауданда туристік-өлкетану бағытында «Жас туристер станциясы» жұмыс атқаратын еліміздегі жалғыз облыс екенін айтып өткеніміз абзал.

Бұл нәтижеге жетуге облыс әкімі А. Мырзахметовтың тікелей тапсырмасы мен Оңтүстік Қазақстан облыстық білім басқармасының қолдауы өз ықпалын тигізді. Үйірме жұмыстарын ұтымды ұйымдастыруда арнаулы орта, жоғары оқу орындармен тығыз байланыс орнату біздің жұмысымызға өз жемісін беруде. Мысалы: «Мирас» колледжі, Түлкібас аудандық агробизнес және туризм колледжі, «Парасат» колледжі, М.Сапарбаев атындағы гуманитарлық университеті, Шымкент университеті, «Халықтар Достығы» университеті, М.Әуезов атындағы «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті», Қазақ спорт және туризм Академиясы және т.б

Осы бірлескен мүдделі жұмыстың арқасында көптеген Республикалық іс-шаралар, туристік көпсайыстан ҚР чемпионаты, туристік көпсайыстан ҚР Кубогы, «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-экспедициялық жасақтардың республикалық слеті өткізілді.

Біздің мекеме халықаралық деңгейде «Ленинград блокадасына 70 жыл!» тақырыбында Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларымен «Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі Академиясымен» бірлескен патриоттық іс-шараны жоғары деңгейде өткізіп, барлық республикалық БАҚ-нан жарық көрді.

Сапалы, саналы ұрпақты тәрбиелеуде білім беру мен қосымша білім беру салаларын біріктіріп қана қоймай, отбасымен де тығыз байланыс орнатсақ қоғамға пайдалы, өмірге икемді, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырамыз. Ұлы Абай да бала тәрбиесінде қоғамның, отбасының атқарар рөлі ерекше екенін аңғарған.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу сатысында, бүгінгі білім мен кәсіпті ұштастыру сынды заман сұранысынан туындайтын мәселелерді шешуде қосымша білім берудің маңыздылығы біліп қана қоймай, іс жүзінде қолға алу керек.

Балаларды тәрбиелеу және дамыту жүйесінде тәрбие, оқу және баланың жеке дамуын біріктірудің (интеграцияландыру) өте маңыздылығын негізге ала отырып, бірлескен жұмысты жақсарту мақсатында Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен, арнайы орта және жоғары оқу орындарымен, Қазақ спорт және туризм Академиясымен, нәтижелі жұмысымен ерекшеленетін еліміздегі жас туристер станцияларымен, аудан мен қала мектептерімен бірлескен жұмыстарды әрі қарай қарқынды жандандыру және де осы игі істерден ауыл балаларының тыс қалмауын ескеру қажет. Қорытындылай келе, жұмыс жемісті жүру үшін барлық осы салада жұмыс атқаратын мекемелердің біріңғай Ережесі, үйірме сабақтарын өткізуге арнайы біріңғай оқу бағдарламасы мен арнайы оқу-әдістемелік құралдар ұсынылса, туристік- өлкетануға бағытталған республикалық газет-журналдар еліміздің барлық өңірлеріне кеңінен насихатталса, және Республикалық көлемде өткізілетін спорттық және де басқа да жарыстар «Мәдениет және Спорт министрлігімен» келісілсе деген ұсыныстарымыз бар. Осының нәтижесінде қосымша білім беру педагогтарының біліктілігін арттыруға, оқушылардың бос уақыттарының тиімді әрі мазмұнды өтуіне қол жеткізуге әбден болады.

Келешекте бірлесе отырып, көптеген жетістіктерге жететінімізге сенеміз!